

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Орта білім беру комитетінің
төрағасы

 Г. Кәрімова
« 15 » 09 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің төрағасы

С. Ерғалиев
« _____ » _____ 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
Бас директоры

 С. Садыков
« 15 » 09 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстандық салалық білім және
ғылым қызметкерлерінің кәсіптік
одағы

 А. Мұқашева
« 15 » 09 2022 ж.

МҰҒАЛІМДЕР СПАРТАКИАДАСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Нұр-Сұлтан қаласы
2022 жыл

I. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мұғалімдер арасындағы спартакиада келесі мақсатпен өткізіледі:

- білім беру мекемелерінің мұғалімдері арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- мұғалімдердің физикалық, психологиялық жағдайын және денсаулықтарын нығайту;
- мұғалімдер арасындағы достық пен ынтымақтастықты насихаттау және тәжірибе алмасу.

II. СПАРТАКИАДАНЫҢ ӨТУ ОРЫНЫ МЕН УАҚЫТЫ

1 кезең: аудандық / қалалық спартакиада - қалалық, аудандық мектептер арасында өткізіледі.

Аудандық / қалалық іріктеу кезеңі қыркүйек айында өткізіледі.

Мақсаты: аудан, қала деңгейінде жеңімпаздарды анықтау.

I орын алған командалар II кезеңіне жіберіледі.

2 кезең: облыстық спартакиада, бірінші кезеңнің жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Мақсаты: облыс деңгейіндегі жеңімпаздарды анықтау (облыс біріншілігі).

Облыстық іріктеу кезеңі қазан айында өткізіледі.

Облыстық кезеңде аудандық және қалалық командалар арасында спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді білім басқармасы үйлестіреді

3 кезең: республикалық кезең – II кезең жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Республикалық кезеңі **2022 жылдың 31 қазан - 06 қараша** айлары (31 қазан келу күні – 4 қараша қайту күні) аралығында Тараз қаласы, №61 о.м, №3 м.л, №30 м.г, №22 о.м және Оқушылар сарайында өткізіледі.

Мандаттық комиссия: Тараз қаласы, Төлеби көшесі 77 орналасқан №12 мектеп-гимназиясының Акт залында ағымдағы жылдың 31 қазан сағат 14:30-17:30 дейін өтеді.

III. СПАРТАКИАДАНЫ ӨТКІЗЕТІН ҰЙЫМДАР

Спартакиада өткізудің жалпы басшылығын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – ҰҒПДТО) және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы жүзеге асырады.

Спартакиаданы өткізуді тікелей басқару Ұйымдастыру комитеті бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Бірінші және екінші кезеңдерді өткізуді өңірлік білім басқармаларына жүктеледі.

IV. ҚАТЫСАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Спартакиадаға жалпы орта білім беретін мектеп, лицей, гимназия, жеке меншіктегі мектептер және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдерінен құралған құрама командалары қатысады.

Ескерту: Колледж, қосымша білім беру орталықтары және балабақша қызметкерлерімен БЖСМ-да (ДЮСШ) жетекші сағаттары бар жаттықтырушылар жарысқа қатыса алмайды.

Ескертпе: бала күтімімен еңбек демалысында болған мұғалімдердің 3 жылдық зейнетақы аударымдары жөнінде ХҚКО-нан анықтамасы болуы керек.

Спартакиадаға қатысу жөніндегі өтінімді (қосымша 2) Ұйымдастыру комитетіне келесі электронды поштаға zhambul_npcfk@mail.kz 2022 жылғы 25 қазанға дейін жіберу міндеттеледі.

V. СПОРТШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ТӨРЕШІЛЕР МЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР

Команда құрамы- 45 адам (39 спортшы, 3 өкіл, жаттықтырушы, 3 төреші)

№	Спорт түрлері	Қатысушылар		Жаттықтырушы -өкіл	Төреші	Барлығы
		ер	әйел			
1.	Волейбол	12	12	1	1	26
2.	Шағын футбол	12		1	1	14
3.	Үстел теннисі	2	1	1	1	5
	Барлығы :	26	13	3	3	45

VI. СПАРТАКИАДАҒА ҚАТЫСАТЫН КОМАНДАЛАРДЫҢ ӨТІНІМДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ:

Спартакиадаға командалардың өтінімдерін қабылдауды, ұйымдастыру комитеті бекіткен негізінде, мандаттық комиссия жүзеге асырады.

Мандаттық комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- аймақтық білім басқармасымен расталған өтінімін (қосымша 1);
- қатысушының жеке куәлігі;
- әр спортшының өзімен бірге жеке сақтандыру полисі;
- білім беру мекемесі басшысының қолы мен мөрімен расталған жұмыс орынынан берілетін әр қатысушыға анықтамасы;
- спартакиаданың басталуына дейін әр қатысушының соңғы 12 ай мерзіміндегі, зейнетақы аударымдары жөнінде ХҚКО-нан анықтамасы болуы керек. Еңбек өтілі 1 жылдан кем болмауы тиіс.

(әр қатысушының egov.kz сайтының ЭЦҚ болуы қажет).

Ескертпе:

- бала күтімімен еңбек демалысында болған мұғалімдердің 3 жылдық зейнетақы аударымдары жөнінде ХҚКО-нан анықтамасы болуы керек.
- қатысушыларды НОБД арқылы тексеріледі.

VII. СПОРТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ

Спартакиаданы өткізу шарттары спорт түрлері бойынша мандаттық комиссия өткен соң төрешілер алқасы отырысында анықталады.

Волейбол. Командалар топтары жеребе рәсімі арқылы анықталады. Топтық ойын айналмалы жүйе арқылы өтеді. Қатысушы командаларға байланысты жарыстың келесі кезеңі төрешілер отырысында анықталады. Жеңіс үшін - 2 ұпай, ұтылысқа - 0 ұпай.

Екі немесе оданда көп командалардың тең ұпай жинаған жағдайында, келесі көрсеткіштерімен анықталады:

- жеңіс санының көптігіне байланысты орынға талас командалардың өзара ойындарының жеңісі арқылы анықталады.
- орынға талас командалардың барлық кездесулердегі доп санының айырмашылығы бойынша.

Шағын футбол. Жарыс ФИФА бекіткен ережеге сай және Қазақстан Республикасы шағын футбол жарысын өткізу ережесі бойынша өткізіледі. Мандаттық комиссия өткеннен кейін төрешілер алқасының отырысында жарыстың өткізілу талаптары бекітіледі.

Үстел теннисі Жарыс (ITTF) Халықаралық үстел теннисі федерациясының ережесіне сай өтеді. Жарысты өткізу талаптары мандаттық комиссия өткеннен кейін, төрешілер алқасының отырысында анықталады.

Спартакиадаға Қазақстан Республикасының чемпионаттары (супер лига) жоғарғы лига, бірінші лига және қосалқы құрамдағы спортшылар спорт ойындарының барлық түрлері бойынша қатыстырылмайды.

Спорт түрлері бойынша Спартакиаданың финалдық жарысы кем дегенде 5 команданың қатысуымен өткізіледі.

Спартакиада бағдарламасында спортшыларға тек 1 спорт түріне ғана қатысуға рұқсат етіледі.

Спорттық ойын түрлері бойынша ұпайларды есептеу кестесі (футзал, үстел теннисі, волейбол)

Орын	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Ұпайлар	25	22	20	18	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5

Егерде Спартакиаданың кешенді есебінде 2 немесе одан да көп командалар ұпайлары тең болған жағдайда, басымдылық 1-2 және келесі орындардың көбірек иеленгені басымдыққа ие болады.

Спартакиада бағдарламасының жеке есептеуінде кез келген бір спорт түрінің ұпайлар саны тең болған жағдайда 1-2 немесе тағы басқа орындарды көбірек иеленген командаларға басымдық беріледі.

1-3 жалпыкомандалық орындарға ие болған командалар ҰҒПДТО кубоктары мен дипломдарымен марапатталады.

1-3 жүлделі орындар иеленген спортшылар сәйкес дәрежелі ҰҒПДТО медалдары мен дипломдарымен марапатталады.

VIII. ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ

Спартакиада нәтижелері бойынша келесілер анықталады:

1. Спартакиаданың жеке спорт түрлері бойынша жеке орындар.

2. Жалпы командалық орындар.

Жалпыкомандалық орындар 3 спорт түрі нәтижелерінің қорытынды ұпай саны бойынша анықталады.

IX. НАРАЗЫЛЫҚ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАСТЫРУ

Наразылық беру немесе даулы мәселелерді шешу әр спорт түрі бойынша бекітілген ережеге сәйкес шешіледі.

X. СПАРТАКИАДА ШЫҒЫНДАРЫ

Спартакиаданың дайындығын және финалдық жарыстарын өткізу шығындары келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- спорт нысандарды жалдау, төрешілер, медициналық қызметкерлердің еңбегінің төлемақы шығындарын Жамбыл облысы білім басқармасы ҒТДШО көтереді.

- баспа атрибутикаларын (баннер, кубок, медаль, дипломдар), жеңімпаздар мен жүлдегерлердің марапаттау шығындарын ҰҒПДТО көтереді. бекіткен

- спартакиадаға қатысуға командаларының іссапар шығындарын (2 жақты жолы, тәуліктік шығындар, қонақ үй, тамағы, спорттық делегациясының экипировкасын) облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті дене шынықтыру және спорт басқармаларының есебінен немесе білім беру басқармаларының, аймақтық дене шынықтыру орталықтарының, кәсіп одақ ұйымдары есебінен де төленуі қарастырылады.

Ұйымдастыру комитеті.

Байланыс телефондары:

- Жамбыл облысы білім басқармасы ҒТДШО –Тараз қаласы,
- Бас төреші: Тастанбеков Нұрхан (8 701 168 62 99)
- Бас хатшы: Муханбетов Серік (8776 927 99 92)

Осы ереже жарысқа шақырту болып есептеледі.

МҰҒАЛІМДЕР СПАРТАКИАДАСЫНА ӨТІНІМ

_____ спорттық делегациясы

(аймақ атауы)

_____ (спорт түрі бойынша)

№	Тегі, аты, жөні	Туған күні, айы, жылы	Спорттық атағы	Спорттық мекеме	Дәрігердің қолы, мөрі
1					
2					
3					
4					
5					
Жаттықтырушы					
Өкіл					
Төресі					

- Облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім беру басқармасының басшысы _____
- Делегацияның ресми өкілі _____
- Осы өтінімде көрсетілген _____ спортшылардың денсаулық жағдайы бойынша жарысқа қатысуға рұқсат берілді.
- Медициналық мекеменің бас дәрігері _____ қолы, мөрі.
(аты-жөні)

ӨТІНІМ ФОРМАСЫ

_____ делегациядан
(аймақ атауы)

	СПОРТ ТҮРІ	ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ						
		СПОРТШЫЛАР			ЖАТТЫҚТЫР УШЫЛАР	ТӨРЕШІЛЕР	ӨКІЛ	БАРЛЫҒЫ
		ЕР	ӘЙЕЛ	БАРЛЫҒЫ				
1.								
2.								
3.								
4.								
5.								
Жалпы:								

Жауапты өкілдің аты-жөні: _____

Телефон _____ электронды почта _____